

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 20__/20__ оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «№3Бөбекжай»

Топ/сынып: мектепке дейінгі ұйымның мектепалды тобы / мектептің мектепалды сыныбы (лицей, гимназия)

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Кезеңі: желтоқсан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қимыл дағдылары мен ептілікті бекіту және жетілдіру.</p> <p>Негізгі қимылдар</p> <p>Жүру. Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру.</p> <p>Жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p>Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің артынан сапқа тұру, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды «кеуде тұсына» қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Шалқадан жатып,</p>

	<p>денені көтеру, түсіру. «Тербелу» әрекетімен отырған күйде алға-артқа аунап түсу (5-6 рет). Аяқтың ұшына көтерілу. Аяқ ұшын тіректен шығармай орнында аттап басу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.</p> <p>Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру дағдысын жетілдіру.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дыбыстарды жұмсақ және қатаң, ызың және ұяң, дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлуге үйрету
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ

	<p>дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор. Өнімдердің, ыдыс-аяқ, жиһаз, жеміс, көкөніс, жануарлардың, құстардың, адам денесінің бөліктерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу, диалогқа қатысу қабілетін дамыту</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруге үйрету.</p> <p>Сан және санау. Он көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» («Қандай?») сұрақтарына дұрыс жауап беру.</p> <p>Шама. Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету. Сөйлеуде математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық фигура. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және оларды атау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және қолданылуын түсіну. Заттардың қандай</p>

	<p>материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтауға үйрету.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтарын, ұялы телефон, компьютер қолдана білу.</p> <p>Еңбекке баулу. Қоршаған заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын және оларға мұқият қарау керек екенін түсіндіру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіру.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіз мінез-құлық дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың жол элементтері (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол), көлік қозғалысы, бағдаршам жұмысы туралы білімдерін нақтылау.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр). Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері: ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.</p> <p>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді орындауға балалардың саналы көзқарасын тәрбиелеуді жалғастыру</p>
Сурет салу	<p>Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p>
Мүсіндеу	<p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып,</p>

	адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
Құрастыру	Ұсынылған тақырыпқа құрылымдар құру қабілетін қалыптастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақтың ұлттық ыдыстарын жасау, оларды ою өрнектермен безендіру қабілетіне үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту. Ән айтар алдында бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту дағдысын, музыкалық фраза арасында тыныс алуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>Балалардың музыка аспаптарында ойнауы. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету</p>